

"Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 150 қаулысы. Қостанай облысының Әдilet департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 5886 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 154 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 23.05.2016 № 154 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабыны, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.В.Филатоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

E. Жаманов

Әкімдіктің
2015 жылғы 14 тамыздағы
№ 150 қаулысымен
бекітілген

"Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорты дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды

болып табылады.

2. 2."Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Денисов аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 03.11.2015 № 211 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: 110500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Денисов ауданы, Денисовка ауылы, Калинин көшесі, №5.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтеп алған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: өз құзыреті шегінде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

15. Міндеттері:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысуышылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

3) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін іске асырады;

2) аудандық деңгейдегі спорт түрлері бойынша жарыстар өткізеді;

3) әртүрлі спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спорты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

- 5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында аудандық дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 6) материалдық-спорттық базаның дамуын қамтамасыз етеді;
- 7) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;
- 8) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 9) дene шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;
- 11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ведомстволардың функциялары:

- 1) балалар мен жасөспірімдер арасында олардың денсаулығын нығайтуға және жан-жақты дene жетілуіне бағытталған дene шынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмысын жүзеге асыруы;
- 2) балалар мен жасөспірімдерді жүйелі түрде дene шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту жөнінде жұмыс жүргізу; жалпы білім беретін мектептерде жүргізілетін спорт түрлері бойынша әдістемелік және спорттық-бұқаралық жұмыстарға жан-жақты жәрдем көрсету;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұрату және алу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Денисов ауданы әкімдігінің дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін басшылықты "Денисов ауданы әкімдігінің дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Денисов ауданы әкімдігінің дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда ұсыну;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелей және жазалау шаралар қолдану;

4) өз құзыреті шегінде "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдарға орындауға міндепті бүйректар шығару және олардың орындалуын тексеру;

5) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау, жеке және занды тұлғалардың өкілдерінің жеке қабылдауын жүргізу;

6) өз құзыреті шегінде сыйбайлас жемқорлықта қарсы шаралар қабылдау, сыйбайлас жемқорлықта қарсы тиісті шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікке тарту;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

"Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезенде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мұлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Денисов ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК